**Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу, микроқаржылық қызмет және коллекторлық агенттіктер мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 28 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 сәуірде № 20265 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы, " Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы, " Коллекторлық қызмет туралы" 2017 жылғы 6 мамырдағы, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, микроқаржылық қызмет және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу, микроқаржылық қызмет және коллекторлық агенттіктер мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы нарығын реттеу және дамыту*
*Агенттігінің Төрағасы* *М. Абылкасымова*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі
Басқармасының
2020 жылғы 30 наурызы № 28
қаулысымен бекітілген

**Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу, микроқаржылық қызмет және коллекторлық агенттіктер мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Сақтандыру холдингінің, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының (артықшылық берілгендерін шегергенде) жиырма бес пайыздан астамын тікелей немесе жанама иеленетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының - жеке тұлғаның пруденциялық нормативтерін қолдау жөніндегі шаралар туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 135 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6546 болып тіркелген, 2010 жылғы 30 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 506-512 (26355) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Сақтандыру холдингінің, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының

(артықшылықты акцияларды шегере отырып) жиырма бес пайыздан астамын тікелей немесе жанама иеленетін жеке тұлғаның пруденциялық нормативтерді ұстап тұру бойынша шаралар туралы нұсқаулықты бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру холдингінің, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының (артықшылықты акцияларды шегере отырып) жиырма бес пайыздан астамын тікелей немесе жанама иеленетін жеке тұлғаның пруденциялық нормативтерді ұстап тұру бойынша шаралар туралы нұсқаулық бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру холдингінің, сондай-ақ сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының (артықшылық берілгендерін шегергенде) жиырма бес пайыздан астамын тікелей немесе жанама иеленетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының - жеке тұлғаның пруденциялық нормативтерін қолдау жөніндегі шаралар туралы нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Сақтандыру холдингінің, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының (артықшылықты акцияларды шегере отырып) жиырма бес пайыздан астамын тікелей немесе жанама иеленетін жеке тұлғаның пруденциялық нормативтерді ұстап тұру бойынша шаралар туралы нұсқаулық";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына сәйкес әзірленді және сақтандыру холдингінің, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының ( артықшылықты акцияларды шегере отырып) жиырма бес пайыздан астамын тікелей немесе жанама иеленетін жеке тұлғаның пруденциялық нормативтерді ұстап тұру бойынша шараларды белгілейді.

Сақтандыру холдингтері және ірі қатысушылар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып

алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысында (бұдан әрі - № 304 қаулы) белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының және өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін (бұдан әрі - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтері) және сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін ұстап тұрады.

2. Осы Нұсқаулықта айқындалған және сақтандыру холдингтерінің, сондай-ақ ірі қатысушыларының орындалуға жататын № 304 қаулыда белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерін және (немесе) ең төменгі нормативтік мәнінен төмен емес сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін ұстап тұру бойынша шараларға:

1) сақтандыру холдингтері үшін - ішкі құжаттарының болуы;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерін және ( немесе) сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін тұрақты қамтамасыз ету;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерін және ( немесе) сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін жедел қамтамасыз ету кіреді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерін және ( немесе) сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін ұстап тұру рәсімдері мыналарды:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) сақтандыру тобының қатысушыларына реттелген қарыз беруді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерін № 304 қаулыда белгіленген нормативтік мәндерге сәйкес келтіру үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобы қатысушының (қатысушыларының) акцияларын сатып алуды;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобы қатысушыларының осы міндеттемелерінің орнын толтыратын үшінші тұлғалардың алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобы қатысушыларының міндеттемелері бойынша қамтамасыз етуді ұсынуды;

3) сақтандыру холдингінің, сондай-ақ ірі қатысушының алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобы қатысушыларының міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуды;

4) сақтандыру холдингінің және (немесе) сақтандыру тобының, сондай-ақ ірі қатысушының алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе)

сақтандыру тобы қатысушыларының міндеттемелері бойынша төлемдер мерзімін кейінге қалдыруды;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобының қатысушыларының күмәнді активтерін, шартты міндеттемелерін сатып алуды қамтиды.".

2. "Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 59 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7554 болып тіркелген, 2012 жылғы 23 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 339-345 (27419) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";**

көрсетілген қаулымен бекітілген Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарда:

1-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.";

2-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын базалық талаптар";

3-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Ұйымдық құрылымға қойылатын талаптар";

4-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Тәуекелдерді мониторингтеу, бақылау және басқару тәртібі";

5-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Ішкі бақылау жүйесінің болуына қойылатын талаптар".

3. "Екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу жөніндегі ішкі саясатына қойылатын талаптарды және екінші деңгейдегі банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының барлық басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есептіліктің нысанын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 74 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 7525 болып тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда "Егемен Қазақстан " газетінде № 261-266 (27340) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу жөніндегі ішкі саясатына қойылатын талаптарды белгілеу туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы және "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";**

1-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қаржы ұйымы - екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері;

4) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.";

4-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қаржы ұйымының акциялары түріндегі белгіленбеген сыйақыны төлеу қаржы ұйымының осы акцияларды кері сатып алу міндеттемесінсіз осы акцияларды міндетті түрде кемінде 3 (үш) жыл иелену талабымен жүзеге асырылады (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сақтандыру брокерлерінің қызметіне қолданылмайды);";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын барлық тәуелсіз директорлардың келісімі болған кезде Директорлар кеңесі бекітеді (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сақтандыру брокерлерінің қызметіне қолданылмайды).";

5-тармақ алып тасталсын.

4. "Сақтандыру тобының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 99 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7559 болып тіркелген, 2012 жылғы 4 тамызда "Егемен Қазақстан" газетінде № 464-470 (27543) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру тобының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарда:

1-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

4-тармақтың үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұйым қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) есепті жылдан кейінгі жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде мыналар:";

2-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Сақтандыру тобының тәуекелдерді басқару жүйесі";

3-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Ішкі бақылау жүйесі".

5. "Банктік қарыз және (немесе) банк кепілдігін алу мақсаттары үшін заңды тұлғаның ақпаратты жария ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 25 мамырдағы № 194 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7781 болып тіркелген, 2012 жылғы 29 тамызда "Егемен Қазақстан" газетінде № 562-569 (27642) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктік қарыз және (немесе) банк кепілдігін алу мақсаттары үшін заңды тұлғаның ақпаратты жария ету қағидаларында:

1-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның не заңды тұлғаның жарғылық капиталға қатысу үлестерінің не орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып ) акцияларының елу пайызынан астамына тікелей немесе жанама түрде иелік ететін заңды тұлға орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының интернет-ресурсында не Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтерді;".

6. "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 141 (28080) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 8-бабының 3 және 13-тармақтарын, 8-1-бабы 2-тармағының 4) және 6) тармақшаларын, 11-1-бабының 14-тармағын, 17-бабының 5-тармағын, 17-1-бабының 1 және 6-1-тармақтарын, 18-бабының 1-тармағын, 20-бабының 15-тармағын, 30-бабының 12 және

13-тармақтарын, 40-бабының 9-тармағын, 44-бабының 5-тармағын, 45-бабының 7-тармағын, 52-12-бабының 3-тармағын және 60-бабының 7-тармағын, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-1 -бабының 6-тармағын, 21-бабының 4-тармағын, 26-бабының 1-тармағын, 32-бабының 14-тармағын, 34-бабының 15-тармағын, 44-бабының 6-тармағын, 48-бабының 3, 9 және 10-тармақтарын, 62-бабының 9-тармағын, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 47-бабының 2-тармағын, 72-1-бабының 1-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:".**

7. "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8796 болып тіркелген, 2013 жылғы 29 қарашада "Заң газеті" газетінде № 181 (2382) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында:

1-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына базалық талаптар";

3-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Брокердің және (немесе) дилердің және Басқарушының ішкі құжаттарына талаптар";

20-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, тиісті органдардың, активтері басқаруға қабылданған клиенттердің алдында клиенттердің инвестициялық портфелін басқару жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы есептілікті дайындау;";

21-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің тиісті органдарының алдында меншікті активтерді басқару жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы есептілікті дайындау жөніндегі рәсімдердің сипаттамасы.";

4-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің активтерін және брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының меншікті активтерін басқару қызметін ұйымдастыруға талаптар";

5-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және ( немесе) дилердің инвестициялық комитетінің қызметін ұйымдастыруға талаптар";

6-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және ( немесе) дилердің инвестициялық қызметі процесіндегі тәуекелдер мониторингін ұйымдастыруға талаптар";

63-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тәуекел бағасы моделінің және ағымдағы бағаны нарықтық бағаға келтіру негізінде қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес қаржы құралдарының әділ құнын бағалайды, оның ішінде баға тәуекелі бойынша стресс-тестинг жүргізеді;";

7-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының қызметі процесінде тәуекелдер мониторингін ұйымдастыруға талаптар";

8-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Ішкі бақылауды және ішкі аудитті ұйымдастыруға талаптар";

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"93. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ішкі аудит қызметінің есептері уәкілетті органға оның сұратуы бойынша ұсынылады.";

9-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Ақпарат алмасу жүйесін ұйымдастыруға талаптар";

97-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесінен - белгіленген инвестициялау лимиттерін сақтау (пайдалану) туралы ақпаратты тоқсан сайынғы негізде;";

10-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"10-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдау үшін пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуге талаптар".

8. "Банк активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияны, оның ішінде бас банк пен еншілес банк арасындағы активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу және уәкілетті органның осы операцияларды келісу қағидаларын, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүргізу кезінде беруге жататын

активтер мен міндеттемелердің түрлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 77 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11158 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банк активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігін не оларды толық мөлшерде басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияны, оның ішінде бас банк пен еншілес банк арасындағы активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу және уәкілетті органның осы операцияларды келісу қағидаларында, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүргізу кезінде беруге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлерінде:

2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

7) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.";

8-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін қолданыстағы әкімшілік жазалар, өтінім беру күнінде уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шаралары ( қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларынан басқа) және санкциялар жоқ;".

9. "Қор биржасы үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 252 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12999 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қор биржасы үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында:

3-тармақтың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;".

10. "Екінші деңгейдегі банктерде сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесін және олардың сақталу мерзімдерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 66 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13710 болып тіркелген, 2016 жылғы 31 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерде сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесінде және олардың сақталу мерзімдерінде:

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алуға қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісімі | Тұрақты | - | |

";

реттік нөмірлері 27 және 28-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 27 | Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен банктің еншілес ұйымдарын құруға немесе сатып алуға рұқсат беру ( беруден бас тарту, кері қайтарып алу) мәселелері бойынша хат алмасу | Тұрақты | Банктің еншілес ұйымдарының қызметі тоқтатылғанға дейін | |
| 28 | Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен банктің басшы қызметкерлерін тағайындауға ( сайлауға) келісім беру (беруден бас тарту, кері қайтарып алу) мәселелері бойынша хат алмасу | Тұрақты | - | |

";

реттік нөмірі 64-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 64 | Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банктерге қатысты шектеулі ықпал ету шараларын, қадағалап ден қою шараларын, әкімшілік құқық бұзушылық істерін және (немесе) санкциялар қолдану мәселелері бойынша құжаттар ( баянжазбалар, анықтамалар, хат алмасу) | 5 жыл | 5 жыл | |

";

реттік нөмірі 168-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 168 | Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдары | Тұрақты | 5 жыл* | *Бұзушылықтар-ды жойғаннан кейін |

";

реттік нөмірі 172-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 172 | Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік актілеріне сәйкес банк жүргізуге және | | 5 жыл | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сақтауға тиіс өзге журналдар, құжаттар | 5 жыл | | |

";

реттік нөмірі 189-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 189 | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген, шетелдік банктердегі капитал мен шоттар қозғалысы бойынша валюталық шарттарды есептік тіркеу жөніндегі құжаттар (тіркеу куәліктері, хабарлама куәлік, есептік нөмірлер) | 5 жыл* | 5 жыл* | |

";

реттік нөмірі 219-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 219 | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен қаржылық және өзге есептілікті бекіту және нақтылау жөнінде хат алмасу | 3 жыл | 3 жыл | |

";

реттік нөмірі 447-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 447 | Уақытша әкімшіліктің және тарату комиссиясының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен | | 5 жыл СТК | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жалпы мәселелер бойынша хат алмасуы | 5 жыл СТК | | |

".

11. "Екінші деңгейдегі банктердің банк кепілдіктері мен кепілгерлігін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 21 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14915 болып тіркелген, 2017 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банк кепілдіктері мен кепілгерлігін беру қағидаларында:

8-тармақтың 2) тармақшасына орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

12. "Коллекторлық агенттіктің сақталуға жататын негізгі құжаттарының тізбесін және оларды сақтау мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 120 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15581 болып тіркелген, 2017 жылғы 12 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Коллекторлық агенттіктің сақталуға жататын негізгі құжаттарының тізбесінде және оларды сақтау мерзімдерінде:

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Коллекторлық агенттіктің қызметіне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулердің құжаттары және өзге де бақылау нысандары ( баяндамалар, баянжазбалар, анықтамалар, актілер, қорытындылар, | | Тұрақты | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | есептер, келіспеушіліктер, хат алмасу) | Тұрақты | | |

";

реттік нөмірі 21-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 21 | Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның коллекторлық агенттікке коллекторлық агенттіктердің тізіліміне енгізу туралы хабарламасы | Коллекторлық агенттіктердің тізілімінен шығару туралы хабарлама алғанға дейін | | |

";

реттік нөмірлері 40 және 41-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 40 | Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен борышкерлерден келіп түскен шағымдар бойынша хат алмасу | 5 жыл СТК | - | |
| 41 | Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның коллекторлық агенттіктерге қатысты ықпал ету шараларын және санкцияларды қолдану мәселелері бойынша құжаттар (баянжазбалар, анықтамалар, хат алмасу) | 5 жыл СТК | 5 жыл СТК | |

";

реттік нөмірі 72-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 72 | Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15481 болып тіркелген " Коллекторлық агенттік есептілігінің тізбесін, нысандарын, оны ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 112 қаулысында белгіленген қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның талаптарына сәйкес ұсынылатын коллекторлық агенттіктің тоқсан сайынғы есептілігі | 5 жыл | - | |

".

13. "Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 62 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16858 болып тіркелген, 2018 жылғы 14 мамырда Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және " Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";**

көрсетілген қаулымен бекітілген Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар ( резервтер) құру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидалары ( бұдан әрі - Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), "Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру тәртібін және жүзеге асыру талаптарын айқындайды. Қағидалар өз қызметін Заңның 3-бабының 1-1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жүзеге асыратын микроқаржы ұйымдарына (бұдан әрі - микроқаржы ұйымдары) қолданылады.";

2-тармақтың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;";

10 және 11-тармақтар алып тасталсын.

14. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 40 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

15. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17462 болып тіркелген, 2018 жылғы 9 қазанда Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";**

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары (бұдан әрі - ұйым) үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін айқындайды.";

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) корпоративтік басқару бөлігінде:

алқалы органдардың, ішкі аудит қызметінің, басқарманың, құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді;

басшы қызметкерлердің функционалдық міндеттемелеріндегі ықтимал мүдделер қақтығысын төмендету бойынша шаралар қабылдайды;

ұйымның үлестес тұлғаларының тізілімін қалыптастырады;

үлестес тұлғаларға жеңілдік талаптарын беру фактісін тексеруді жүзеге асырады;

директорлар кеңесінің құзыретіне жататын өзге де мәселелер;";

3-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

16. "Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 226 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17629 болып тіркелген, 2018 жылғы 8 қарашада Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы үлгі шартта:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

20__ жылғы "__" _________ "№ ___________

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын

_____________________________________________________________________________
________

_____________________________________________________________________________
_______,

(заңды тұлғаның толық атауы және орналасқан жері)

бұдан әрі "Қатысушы" деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын бірінші басшысы

_____________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

арқылы бір жағынан

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

және ________________________________________________________________________
________

________________________________________________________________________
________

(қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті
органның атауы), бұдан әрі "уәкілетті орган" деп аталады, "Қаржы нарығы мен қаржы
ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі
Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) негізінде іс-әрекет жасайтын Төрағасы
(Төрағаның орынбасары) _________________
_____________________________________________ арқылы екінші жағынан, бұдан әрі
бірлесіп "Тараптар" деп аталады, Заңның 13-4-бабының 2-тармағына сәйкес, Уәкілетті
органның Басқармасының 20__жылғы "__" __________ шешімі негізінде төмендегілер туралы
осы Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты ( бұдан әрі - Шарт) жасады:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. Шарттың мәні Қатысушының

________________________________________________________________________
________

________________________________________________________________________
________

(жүзеге асыруы болып табылады (Қатысушы ерекше реттеу режимі шеңберінде жүзеге асыратын қызметтің түрлерін сипаттау).

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қатысушы Шарттың 1-тармағында көрсетілген қызметті ерекше реттеу режимі шеңберінде уәкілетті органға ұсынылатын және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын бизнес-жоспарға сәйкес, Қазақстан Республикасының қаржылық заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Шарттың қолданылу кезеңінде Қатысушының ерекше реттеу режимі шеңберінде жүзеге асыратын қызметіне мынадай нормалар қолданылмайды:

________________________________________________________________________
__

________________________________________________________________
—
________________________________________________________________
_.

("Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы, " Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы, " Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы, " Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен уәкілетті органның көрсетілген заңдарға сәйкес қабылданатын нормативтік құқықтық актілерінің нормалары көрсетіледі.";

7-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Уәкілетті орган:";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Заңның 13-4-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;";

8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті органға Шарттың талаптарын өзгерту туралы өтінішпен және (немесе) оның қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінішхатпен Шарттың 22-тармағында көрсетілген мерзімде жүгінуге құқылы.";

9-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Уәкілетті орган:";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

10. Қатысушы:

1) қызметін жүзеге асырғанға дейін мынадай:

ерекше реттеу режимі шеңберінде Қатысушы жүзеге асыратын қызмет туралы;

Қатысушының ерекше реттеу режимі шеңберіндегі қызметіне байланысты ықтимал тәуекелдер туралы;

ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыру талаптары, қызметін жүзеге асыру талаптары, құны (мөлшерлемелері, тарифтері), тұтынушымен қызметін жүзеге асыру туралы шарт (бұдан әрі - тұтынушымен жасасқан шарт) жасау үшін Қатысушының ішкі қағидаларында айқындалған құжаттардың тізбесі туралы;

Қатысушының орналасқан жері, пошта және электрондық мекенжайлары, интернет-ресурсы және байланыс телефондары туралы ақпаратты тұтынушыға жіберуге;

2) қызметін ерекше реттеу режимін енгізу мақсатына сәйкес Заңның 13-3-бабының 2-тармағына, Шарттың талаптарына және уәкілетті органға ұсынылатын бизнес-жоспарға сәйкес жүзеге асыруға;

3) өзінің тұтынушылары алдындағы міндеттемелерді тұтынушылармен жасасқан шарттарда белгіленген тәртіппен орындауға;

4) уәкілетті органның сұратуы бойынша ерекше реттеу режимі шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет туралы қажетті ақпаратты ұсынуға;

5) ай сайын, айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органда мынадай:

тұтынушылармен жасасқан шарттардың саны (жеке және заңды тұлғалар бойынша);

тұтынушылармен шарттар бойынша қабылданған міндеттемелердің көлемі;

ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыру кезінде анықталған кемшіліктер (бар болса);

тұтынушылардың тарапынан болған шағымдардың сипаты (бар болса);

ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыру кезінде анықталған тәуекелдер туралы мәліметтер қамтылатын, жүзеге асырылатын қызметтің аралық нәтижелері туралы ақпаратты беруге;

6) уәкілетті органның Шартта белгіленген міндеттемелердің орындалмауы туралы жазбаша хабарламасын алған жағдайда бұзушылықтарды және (немесе) себептерін, сондай-ақ оларды жасауға себепші болған жағдайларды Заңның 13-4-бабының 6-тармағында белгіленген тәртіппен жоюға;

7) ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыру барысында алынған мәліметтер мен ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етуге;

8) Қатысушының жарғылық капиталының үлесін жаңа меншік иесіне берген ( иелігінен айырған) жағдайда, уәкілетті органға жоспарланып отырған мәміле туралы оны жасағанға дейін кемінде 2 (екі) ай бұрын хабарлауға;

9) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыру қорытындылары туралы, мынадай мәліметтер қамтылған ақпаратты беруге:

Қатысушы қызметінің сипаты;

тартылған тұтынушылардың саны, операциялардың көлемі, қабылданған міндеттемелер;

ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыру кезінде анықталған тәуекелдер, тәуекелдердің тұтынушыларға және Қатысушының негізгі қызметіне әсер етуі туралы;

қызметті жүзеге асыру үшін қажетті Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту және (немесе) толықтыру бойынша ұсыныстар;

10) Шарттың 14-тармағында көрсетілген жағдайларда өз тұтынушыларын Шарттың қолданылуын тоқтату туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар ету;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында және Шартта көзделген міндеттерді адал және тиісінше орындау;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қатысушы Шарт бойынша қызметті жүзеге асыру кезеңінде және оның салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Шарттың қолданылу мерзімі уәкілетті орган Басқармасының шешімімен енгізілген ерекше реттеу режимінің мерзімінен аспайды.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінішхат уәкілетті органға Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей беріледі және ол уәкілетті органға түскен күннен бастап күнтізбелік 30 ( отыз) күн ішінде қаралады.";

25 және 26-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Орналасқан жері және (немесе) нақты мекенжайы өзгерген кезде Қатысушы өзгерген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жазбаша хабарлама беруге міндетті.

26. Шарт қазақ және орыс тілдерінде, заң күші бірдей 2 (екі) дана етіп жасалды, олардың 1 (бір) данасы уәкілетті органда, 1 (бір) данасы Қатысушыда болады.";

8-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

**"8. Тараптардың деректемелері және қолдары**

| | |
|---|---|
